

«Нанотехнология бойынша озық ғылыми нәтижелерге қол жеткізетін боламыз»

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Индустриалды технологиялық институтының директоры, техника ғылымдарының докторы, талмай ізденіс жолында жүрген ғалым-ұстаз Сәрсенбек Монтаевпен күні бүгінге дейінгі ғылыми ізденістері жайында сұқбаттасудың сәті түсті.

– Сәрсенбек Әлиакбарұлы, 1991 жылдан, яғни тәуелсіздік алған уақыттан бері білім саласында қызмет етіп келеді екенсіз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мен бүгінгі 30 жылдық тоғысындағы білім саласындағы басты өзгерістерге тоқталсаңыз?

– Осы аралықта еліміздегі білім саласында ауқымды өзгерістер орын алып, бұл бағыттағы Елбасының стратегиясы оңтайлы жүзеге асып келеді. Елімізге қажетті мамандар даярлау бағытында көптеген бағдарламалар қабылданды. Жоғары оқу орындары Болон процесіне қосылып, білім алу жүйесінде күрделі өзгерістер болды. Нәтижесінде бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша үш сатылы мамандар даярлауға көштік. 30 жылдың көлемінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлау барысында үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Кейбір жетіспейтін мамандықтар бойынша Ресейге аспирантураға оқуға жіберміз. Көптеген түлектеріміз бүгінде өз мамандықтары бойынша «Болашақ» бағдарламасымен шет елдерде білім алып келіп, елге қызмет етуде. Ғылым-білім саласы әлі даму үстінде, әсіресе, цифрландыру бағытында барлық салада көп өзгерістер бар.

– Гранттық қаржыландырудың бірқатар инновациялық жобаларын дайындауға атсалысқаныңызды білдік. Сол жобалардың бір-екеуіне тоқтала кетсеңіз.

– Жапонияда білім жетілдіріп келгеннен кейін мемлекеттік гранттық қаржыландыру байқауларына ғылымның басым бағыттары бойынша жобаларымды ұсына бастадым. Менің салам бойынша таңдалған бағыт – табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, оларды өңдеу, жаңа құрылыс материалдарын алу. Жоба бойынша зерт-

теу жұмыстарын жүргізу барысында нанотехнологияға көбірек сүйенемін. Қазақстандағы халықаралық дәрежедегі және ұлттық ғылыми кеңес сарапшылары оған оң бағаларын беріп жүр. Нәтижесінде 2010 жылдан бері үздіксіз гранттық қаржыландыруларға ие болып келеміз.

Өзіміздегі «Технопарк» байқауына ұсынған екі жобамыз гранттық қаржыландыруға ие болды. Оның бірі – «Шыны қалдықтарынан жылу сақтағыш материалдар жасау технологиясы», екіншісі – «Көбік бетон технологиясы». Грант қаржысына лабораториялық қондырғылар алып, жобаларымызды жүзеге асырдық. Бұл жаңа технологиялар шәкірттеріміздің диссертациялық жұмыстарына арқау болып, PhD доктор атағын сәтті қорғауға мүмкіндік берді. Университетімізде ғылыми кадрлар қатары толығып, білім сапасы артты. Еліміздегі коммерциализациялау байқауына ұсынылып, қомақты грантка ие болған жобаларымыздың бірі – «Жасанды қиыршық тас шығару технологиясы». Сол қаржыға өзіміздегі оқу-өндірістік орталығына қондырғылар сатып алып, қиыршық тас шығаратын шағын цех аштық. Сұранысқа ие қиыршық тастарды сатып, бұл жобаның өзектілігін дәлелдедік. Тіпті оқу орны ғимаратының аумағына өзімізде өндірілген қиыршық тастарды төсеп, абаттандырдық. Құрылыс саласы мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттеріміз сол цехта тәжірибеден өтеді. Алдағы уақытта цехтың жұмысын қызмет көрсету орталығы ретінде жаңарту ойда бар.

– Өндірісте сынақтан өтіп, кейін қолданысқа енгізілген жобаларыңыз туралы айтып өтсеңіз?

– «Қиыршық тас шығару технологи-



ясы» жобасы аясында еліміз бойынша алғаш рет Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы базасында 200 тонна қиыршық тас өндіріп, сатылымға шығардық. Қазіргі уақытта университет ректорының қолдауымен бұл жобаға инвесторлар іздестірілуде. Әрине, Қытай, Түркия, Ресей елдерінен жобаға қызығушылық танытқан бизнес өкілдері болды. Келешекте бұл жоба өңірімізде үлкен зауыттың іргетасын қалауға негіз боларына сенім мол.

– Жұмыстан бос уақытта айналысатын ісіңіз?

– Негізінен бос уақытымыз бола бермейді. Қолым қалт еткенде, алдымен уақытымды ғылыми жұмыстарыма жаңа жобалар іздестіруге жұмсаймын. Ал қызметтен бос кезде спортпен айналысуға, табиғат аясында демалуға көңіл бөлемін.

– Соңғы оқыған әдеби туындыңыз?

– Соңғы кездері Шыңғыс хан туралы әдебиеттерді, өзге де мәліметтерді оқып жүрмін. Әлемді жаулаған әскери және мемлекет қайраткерінен үлгі алып, көшбасшылық қасиеттеріне, ұйымдастырушылық қабілетіне, халықты басқару, шешім қабылдай білу әдістеріне тәнті боламын.

– Пандемия сізге нені үйретті?

– Бұл сынақ денсаулықтың қадірін білуге, барлық жағдайға психологиялық тұрғыдан дайын болуға, өмір сүрудің өзгеше тәсілдеріне үйретті. Сонымен қатар қашықтан білім алудың, үлкен жиындарға онлайн режимде қатысудың артықшылықтарын сезіндірді. Әрине, пандемия өндіріс саласына біраз кедергілер келтірді. Осы тығырықтан шығу үшін өндірістегі жұмысты ұйымдастырудың да бірқатар тетіктерін қарастыруға тура келді.

– Студенттерге айтар ақыл-кеңесіңіз

– Бізге бұл ретте көш ілгері дамыған елдерден үлгі алу артық етпейді. Студенттер жан-жақты білім алуға ұмтылуы, ғылыми тұрғыда жетілуі керек. Өзінің ана тілімен бірге өзге тілдерді де үйренуі қажет. «...Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп әл-Фараби айтқандай, жастар рухани, имандылық, адамгершілік тұрғыда тәрбиеленуі тиіс. Оларды қоршаған ортаны қорғауға, тазалық сақтауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға үйретуіміз керек. Ең бастысы денсаулықты сақтауды да ұмытпаған жөн.

Сұқбаттасқан Ләззат ҚАЖЫМОВА

В ЗКАТУ инициировали целебный продукт

Впервые ЗКАТУ имени Жангир хана инициировал проект развития пчеловодства совместно с крестьянским хозяйством «Золотой улей».

На сегодняшний день в ЗКО имеются 30-40 частных пасек, насчитывающие 1000-1200 пчелосемей с выработкой порядка 15-20 тонн меда за сезон, что не удовлетворяет потребности населения региона. Сегодня стоит задача: возрождение пчеловодства в Западном Казахстане, увеличение продуктов пчеловодства, насыщение продовольственного рынка натуральными пчелопродуктами. За ее решение взялись ученые нашего вуза.

Совместно с КХ «Золотой улей» были закуплены улья, пчелоинвентарь на 10 пчелосемей. На участке имеются необходимые хозпостройки: омшанник, сотохранилище, склад. Данное сотрудничество станет практической платформой для ученых и студентов вуза.

«Помимо меда, крестьянское хозяйство реализует множество продуктов пчеловодства, но пока все они изготавливаются вручную. Планируется создание цеха по глубокой переработке пчелопродукции совместно с учеными университета», – отметил глава КХ «Золотой улей» Сергей Кривобоков.

В рамках освоения пчеловодства, в учебную программу новой специальности «Охотоведение и звероводство» введена дисциплина «Основы пчеловодства», также в учебную программу специальности «Технология переработки продуктов животноводства» введена дисциплина «Пчеловодство». Под руководством Сергея Кривобокова, старшего преподавателя высшей школы экологии и биоресурсов Гульданы Идрисовой и преподавателя высшей школы ветеринарии и биобезопасности Берика Сатыбаева студенты

специальности «Ветеринарная медицина» и «Ветеринарная санитария» института ветеринарной медицины и животноводства прошли технологическую практику, как на стационарной, так и на передвижной пасеке.

Ребята освоили практические основы ведения пчеловодства, ознакомились со всеми этапами жизни пчелиной семьи в весенне-летний период, роением, летной работой и медосбором; профилактические мероприятия против незаразных, инфекционных и инвазивных болезней и вредителями пчел; навыки изготовления и наваживания рамок, работы с пчеловодным инвентарем и пасечным оборудованием.

Стоит добавить, что университет имени Жангир хана планирует создать лабораторию по ветеринарно-санитарной экспертизе и исследованию качества меда, а также по заболеваниям пчел, с оказанием информационно-консультационных услуг хозяевам пасек.



А с сентября прошлого года сотрудники университета вошли в состав рабочей группы проектного офиса «Экологический мониторинг и биоресурсы» по направлению развития пчеловодства, разработан курс повышения квалификации на тему «Основы пчеловодства».

Ведется тесное сотрудничество с обществом пчеловодов Западно-Казахстанской области «Ратель», подписан меморандум о сотрудничестве с ОЮЛ «Национальный союз пчеловодов Казахстана «Бал-Ара», а также на стадии подписания меморандум о сотрудничестве с ФГБОУ ВО «Рязанский государственный агроинженерно-технологический университет имени П.А. Костычева».

Глава крестьянского хозяйства «Золотой улей» Сергей Кривобоков

КХ расположено в Мичуринском сельском округе Зеленовского района ЗКО.

Площадь земельного участка под пасеку составляет 5,5 гектаров.